



# ӨСКЕН ӨҢІР

www.oskenonir.kz

Шардара аудандық қоғамдық-саяси, ақпараттық-жарнамалық газеті

Газет 2011 жылдың қаңтар айынан шыға бастады

10 маусым, 2016 жыл №28(293) e-mail: Oskennonir@mail.ru

## Сүбелі сөз

Ең тәтті де – тіл.  
Ең ащы да – тіл.  
Ең жұмсақ та – тіл.  
Ең қатты да – тіл.  
Қызыл тілден –  
Қан да тамады,  
Бал да тамады.

САПАҚ ШЕШЕН.

## БАТЫРЫН АҚТЫҚ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Ақтөбе қаласындағы теракт кезінде әскери борышын өтеп жүріп, қаза болған жерлесіміз Досбол Еркінбекұлы Сапарды сейсенбі, 7 маусым күні халық соңғы сапарға шығарып салды. Қара жамылып отырған отбасына облыс әкімі Бейбіт Атамқұлов, ҚР Ұлттық ұлан гвардиясы Бас қолбасшысының орынбасары Мұхаметқали Сатов бастаған әскери қызметкерлер, облыстық мәслихат хатшысы Қамытбек Айтөреев, аудан әкімі Арман Абдуллаев, басқа да ел ағалары келіп, қайғыларын бөлісті.



Қаралы митинг кезінде аймақ басшысы Бейбіт Бәкірұлы:

– Досбол бауырымыз жауынгерлік әскери борышын өтеу кезінде қайсарлығы мен отансүйіштік қасиетін таныта білді. Досболдың өлімі – отбасына ғана түскен ауыр қаза емес. Бұл бүкіл Оңтүстік жұртына және күллі Қазақстан халқының жүрегіне түсіп отырған үлкен қайғы. Ол өзінің артына өшпес із қалдырды. Біз сіздермен бірге қайғырып тұрмыз. Қазақ мұндайда сабырға шақырады. Батыр ұлымыздың бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады, – деп көңіл айтты.

«Қайғыны бөліссе азаяды» дегендей, ҚР Ұлттық ұлан гвардиясы Бас қолбасшысының орынбасары Мұхаметқали Сатов, Сүткент ауылының биі Оразбек Сейдомаров қазаның арты қайырлы болсын айта отырып, елді жат ағымның жетегіне кетуден сақтандырды.

Естеріңізге салсақ, содырлардан құралған қарулы күш Ақтөбе қаласындағы Ұлттық ұланға жасаған шабуыл кезінде 3 әскери қызметкерді

мерт қылған болатын. Қайтыс болған сарбаздардың бірі Досбол Сапар Көксу ауылдық округіне қарасты Айдаркүл-Қашар елді мекенінің тумасы еді.

Ақтөбе қаласындағы 6655 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп жүрген Досбол Еркінбекұлы 1997 жылы туылған. Былтыр күзде жауынгер қатарына алынған жерлесіміз биыл күзде әскерден қайтпақшы еді. Алайда, тағдыр туған жермен аман-есен қауышуды Досболдың маңдайына жазбапты. Артында әкесі Еркінбек пен анасы Жұлдыз, қарындасы-інісі Гүлнұр мен Ербол, туған-туыстары қайғыдан қан жұтып қала берді. Жауынгердің отбасына облыс әкімдігінің атынан 5 млн. теңге көлемінде қаржылай көмек берілетін болды. Сонымен қатар, әкімдік ауылдың бір көшесіне сарбаздың есімін беру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсынысты ҚР Мәдениет министрлігіне жолдамақ.

ҚР Президентінің Өкімімен 9 маусым ұлттық аза тұту күні деп жарияланды. **Әділ ӘБДІРАМАНОВ.**

## «Нұротандықтар» кезектен тыс конференция өткізді

Осы аптаның дүйсенбісінде «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалының кезектен тыс XXIV конференциясы болып өтті.

Конференция жұмысына «Нұр Отан» партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Дауылбаев Еркебұлан Әбілханұлы, аудан әкімі Абдуллаев Арман Айдарұлы, Шардара аудандық мәслихатының хатшасы Мүтәліев Бұлтбай Лесбекұлы, осы уақытқа дейін партияның аудандық филиалының төрағасы қызметін атқарып келген аудандық мәслихат депутаты Тоқсанбай Бердібековтер мен 155 делегат қатысты.

Жиынды жүргізіп отырған «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мырзатай Нұрманов көпшілікті күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалының 2016 жылдың 5 айында атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы және «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы Саяси кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы мәселелер қаралды.

Жиынды жүргізу үшін конференцияның басшы органдары, яғни мандат және есеп комиссиясы, хатшылығы сайланды. Мандат комиссиясына Шардара қаласы партия ұйымының төрағасы Қасымхан Мырзабаев, Қ.Тұрысбеков ауылдық округі әкімінің орынбасары, бастауыш партия ұйымының төрағасы Құралбай Әбуов,



«Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалының консультанты Бекзат Біләловтар сайланды. Есеп комиссиясына «Шардара» мектеп-лицейінің директоры, Мелдеби бастауыш партия ұйымының төрағасы Жалғас Нұрымбет, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Ұлдықыз Зейнеділова, «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалының консультанты Нұрқанат Кеңесовтер бекітілді. Конференция хатшылығына аудандық мәслихат аппаратының басшысы Рахымжан Бекмұратов, Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектептің директоры, Майқала бастауыш партия ұйымының төрайымы Гүлжан Фаниева, «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы есепке тіркеу және статистика секторының меңгерушісі Сәуле Сейдалиевалар сайланды.

Мұнан соң конференция делегаттарының өкілеттіктері бекітілді. Ол жайлы мандат комиссиясының төрағасы Қ.Мырзабаев хабарлама жасады.

(Жалғасы 2-бетте)

## Шардара ауданы Қашан құрылды?

Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр.  
Н.НАЗАРБАЕВ.

Туған өлкесінің тарихынан хабардар бола бастаған кез келген мектеп оқушысы мен көзі ашық, көкірегі ояу әрбір шардаралықтан ауданның құрылған жылын сұрай қалсаңыз, 1969 жылды айтатыны даусыз. Кеш болса да ашығын айту керек, бұл мүлде қате пікір. Осы қате пікірді қалыптастыру кімнен басталды деген сұрақ тууы заңды.

Көкейдегі осы сұрақтың жауабын іздеп, қолымызға 2009 жылы Алматы қаласындағы «Арна» баспасында басылған «Шағалалы Шардара» кітабын алдық. Кітап Шардара су қоймасы мен электр станциясы құрылысының басталғанына – 50 жылдығы мен Шардара ауданы мен қаласының құрылғанына – 40 жыл толу мерейтойына арналыпты.

Кітапты құрастырып, мақалаларды електен өткізіп, дайындап, баспаға ұсынған Жұмабек Мұқанов екен.

Кітапты парақтап көрдік. 12 – бетінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 13 қаңтар 1969 жылғы Жарлығы басылыпты. Онда Шымкент облысында Келес ауданын құру, Шардара ауданының орталығын көшіру туралы айтылыпты.



(Жалғасы 4-5-беттерде)

Баспасөз – 2016

## Өз газетіңе жазылуды ұмытпа!

Құрметті оқырман!

Өздеріңіздің

сүйікті

басылым-

дарыңыз –

«Өскен өңірге»

биылығы

жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды.

Газетімізге «Қазпошта» АҚ арқылы (1537 теңге) және «Ернұр-пресс» ЖШС арқылы (1560 теңге) жазылуға болады. Газеттің индексі – 66731.

**Өз газеттеріңізге жазылуды ұмытпаңыздар!**





(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# «Нұротандықтар» кезектен тыс конференция өткізді

Конференцияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Нұрманов өз хабарламасында атқарылған жұмыстарға толықтай шолу жасап өтті.

– 2016 жылдың 1 маусымына дейін аудандық филиалда 3945 партия мүшесі есепте тұр. Олар 15 бастауыш партия ұйымдарына біріктірілген. Өткен 5 айда атқарылған жұмыстарға келетін болсақ, есепті мерзім ішінде аудандық филиалдың 2 конференциясы, аудандық филиал Саяси кеңесінің 1 отырысы, Саяси кеңес бюросының 2 мәжілісі өткізіліп, 18 қаулы қабылданды.

2016 жылдың 5 айы ел тарихында, партия тарихында ерекше орын алатын саяси оқиғаларға бай кезең болды. Атап айтқанда, бесінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісі депутаттарының өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі шешіміне байланысты елде Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын 20 наурызда өткізу жөнінде Елбасының Жарлығы шығып, сайлау науқаны өтті. Сайлау өткізілуіне байланысты барлық бастауыш партия ұйымдарында, сонан соң аудандық деңгейде партия конференциясы өткізілді. Осылай ұйымдастырылып, жүргізілген жұмыстың нәтижесінде біз алға қойған міндеттеріміздің үдесінен шықтық. Аудандық мәслихаттағы 14 депутаттың барлығы «Нұр Отан» партиясының мүшелері болып табылады. Олардың 13-і депутаттық фракция мүшелері. Бұл жұмысқа көптеген партиялық әріптестеріміз жоғары белсенділік танытып, өз үлестерін қосты.

2015 жылы партия қатарына 777, ағымдағы жылдың 5 айында 222 жаңа мүше қабылданды. Бұл бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Өкінішке орай партияға өтер кезде, партия Жарғысының талаптарын орындаймын, партиялық мүшелік жарналарды уақтылы төлеп тұрамын деген кейбір әріптестеріміз партияға мүше болудың бірден-бір қағидаты – партиялық мүшелік жарналарды уақтылы төлеуді ұмытып кетеді.

Жұмыс болғаннан кейін, әрине, әртүрлі қиыншылықтар болады. Біздің міндетіміз сол қиыншылықтарды жеңе білуіміз, мәселелердің шешілу жолдарын қарастыруымыз керек, -деді өз хабарламасында М.Нұрманов.

Баяндама аяқталысымен, жарысөзге шыққан ОҚО кәсіпкерлер палатасы Шардара аудандық филиалының директоры, аудандық мәслихаттың депутаты И.Әділхан, «Жаушықұм» мектеп-лицейінің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты, Жаушықұм ауылдық округі бастауыш партия ұйымының төрайымы



Р.Жүнісқұлова, С.Ерубаев атындағы жалпы орта мектеп директорының орынбасары, Көксу ауылдық округі бастауыш партия ұйымының төрағасы Д.Асылбековтер атқарылған жұмыстарға оң баға беретіндерін атап көрсетті. Жарысөзден кейін қаралған мәселе бойынша қаулы қабылданды.

Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы өткен 20 наурыздан кейінгі кезеңде ауданда бірқатар кадрлық өзгерістер болды. Атап айтқанда, аудан әкімі, аудандық мәслихаттың хатшысы ауысты, аудандық мәслихат депутаттарының құрамында өзгерістер болды. Соған байланысты аудандық филиал Саяси кеңесінің, Саяси кеңес Бюросының құрамына өзгерістер енгізу қажеттігі айтпаса да түсінікті.

Конференцияның күн тәртібіндегі екінші мәселеде алдын ала бастауыш партия ұйымдары өкілдерімен талқылаудан өткен «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы Саяси кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

Аудан әкімі А.Абдуллаев, аудандық мәслихат хатшысы Б.Мүтәлиев, «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Нұрманов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Ағманұлы, «Ақ Орда» шаруа қожалығының төрағасы Т.Қанаев, ОҚО кәсіпкерлер палатасы Шардара аудандық филиалының директоры, аудандық мәслихат депутаты И.Әділхан, аудандық білім бөлімінің басшысы А.Бердалиева, №16 колледж директоры, аудандық мәслихаттағы фракция мүшесі З.Талбидин, «Қарымсақов және К» ЖШС директоры, аудандық мәслихаттағы фракция жетекшісі Е.Қарымсақов, аудандық мәслихат бас дәрігері Ж.Оспанова, аудандық мемлекеттік қызметкерлер кәсіподағы кеңесінің төрайымы Б.Биманова, аудандық «Өскен өңір» газетінің директор-бас редакторы Е.Бейсенбиев, аудандық мәслихаттағы фракция мүшесі Т.Бердібековтер Саяси кеңес

мүшелері болып бекітілді.

«Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы Саяси кеңес бюросының мүшелігіне аудан әкімі А.Абдуллаев, аудандық мәслихат хатшысы Б.Мүтәлиев, «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Нұрманов, ОҚО кәсіпкерлер палатасы Шардара аудандық филиалының директоры, аудандық мәслихат депутаты И.Әділхан, аудандық білім бөлімінің басшысы А.Бердалиева, «Қарымсақов және К» ЖШС директоры, аудандық мәслихаттағы фракция жетекшісі Е.Қарымсақов, аудандық мәслихаттағы фракция мүшесі Т.Бердібековтер сайланды.

Конференцияның күн тәртібіндегі негізгі мәселелер талқыланып болған соң, «Нұр Отан» партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Е.Дауылбаев сөз алды. Ол сөзінде әріптестерінің атқарған жұмыстарына жоғары баға бере отырып, Елбасымыздың ұстанған саясатын жүзеге асыруда сәттіліктер тіледі. Сонымен бірге, облыс әкімі мен «Нұр Отан» партиясы ОҚОФ тарапынан «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалының төрағасы болып сайланды.

Е.Дауылбаев өз сөзінде осыған дейін аудандық филиал төрағасы қызметін ұзақ жылдар бойы абыройлы атқарған Т.Бердібековке жылы лебіз білдіре келе, «Нұр Отан» партиясы ОҚОФ атынан «Алғыс хат» табыстады. Аудан әкімі А.Абдуллаев та Т.Бердібекұлына алғыс айтып, иығына оқалы шапан жапты.

С.ЛАХАНОВ.

Ұлттық бірыңғай тест

## ҰБТ мәреге жетті

2015-2016 оқу жылындағы ҰБТ ауданымызда маусымның 3-5 күндері болып өтті. Оған 21 жалпы орта мектеп пен №3 мамандандырылған мектеп-интернатты бітіргелі отырған 996 оқушының 780-і немесе 78,3 пайызы қатысты.

Аудан бойынша орта көрсеткіш 71,7 балды құрады. Білім мекемелері арасында №3 мектеп-интернаттың мерейі үстем болды. Мұнда тестілеуге қатысқан 51 түлектің 25-і жүз балдан жоғары көрсеткішке жетті. Алты түлек «Алтын белгіні» иеленді.

Жаушықұм мектеп-лицейі мен А.Иманов, Ш.Уәлиханов, Сырдария жалпы орта мектептерінің түлектері де сынаққа жақсы дайындықтармен келгенін көрсетті. Олар 88,6-83,0 аралығында орташа көрсеткіштерге қол жеткізді.

Дегенмен, бітірушілердің білім деңгейі өткен жылмен салыстырғанда 10 балға төмен болды. 9 мектепте білім деңгейі ауданның орта көрсеткішінен жоғары болса, 13 мектепте төмен болды. «Достық» жалпы орта мектебі 60,5, С.Ерубаев атындағы жалпы орта мектебі 61,8 балл алды.


Т.Тәжібаев атындағы жалпы орта мектебі бұл көрсеткішке де жете алмай, небәрі 56,4 балды қанағат тұтты.

Аудан бойынша «Алтын белгіге» ұсынылғандардың 9-ы, «Үздік аттестатқа» үміткерлердің 5-еуі сенімді ақтады.

Сонымен сынақ та аяқталды. Мектеп бітірген түлектерімізге енді алда өздерінің қалаған мамандықтары бойынша оқу орнын таңдап, алған білімдерін одан әрі жалғастырып, егеменді елімізді белді бір маманы болып шығу тұр. Осы жолда біз оларға сәттілік тілейміз.

Жанар ӘБДІРАХЫМОВА.

# 121 балл жинаған Нұрбек



Биылғы ҰБТ-ға ҚР Білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Қасымбекова Гулия Шайхидинқызы басшылық жасайтын Шардара ауданының №3 мамандандырылған мектеп-интернат ұжымы да өздерінің үлкен дайындығымен келді. Оның дәлелі – мемлекеттік сынаққа қатысқан 51 оқушының 25-і жүзден асқан сұраққа мүдірмей жауап беріп, ұжымның көрсеткішін 96,7 пайызға жеткізді. Мектепте үздік оқып, «Алтын белгіге» ұсынылған сегіз оқушының алтауы Еңлік Қасымбекқызы, Нұрбек Орманәлі, Ақмарал Демесбек, Лаура Амангелді, Берік Сарман, Мұхамеджан Қожан бұл сенімді ақтап шықты.

Тағы бір атап айта кетерлігі, 40 оқушы сынақ тапсыруда негізгі пән ретінде математика, физика, биология пәндерін таңдаған.

Бұл жерде Нұрбек Орманәлі туралы ерекше айтуға болады. Ол мұнда келгелі үнемі жақсы көрсеткішке қол жеткізіп келді. Математика пәні бойынша өткізілген облыстық олимпиадада 2-орынды иеленіп, заттай бағалы сыйлықпен марапатталған. Физика-математика пәндерін тереңдетіп оқытатын Жамбыл Қаппаров атындағы мамандандырылған мектеп интернатта дарынды балалар арасындағы физикадан өткізілген олимпиадада топ жарып, үшінші орынды иеленіп, Арнайы дипломмен марапатталды. Республикалық Әл-Фараби олимпиадасында үшінші дәрежені бағындырып, білім министрі Е.Сағадиевтен жүлде алды. Математика пәні бойынша республикалық қашықтық олимпиадасында екінші дәрежелі дипломды жеңіп алды. Нұрбектің бүгінгі жетістігі тіпті ерекше.

ҰБТ тапсыруда Нұрбек шашасына шаң жұқпырмай, 121 сұраққа тура жауап беріп, мектебі мен оған білім беріп, осы дәрежеге жеткізген ұстаздарының мерейін үстем етті. Бұл ауданымыздағы биылғы мектеп бітіріп отырған түлектердің ешқайсысының жете алмаған асуы. Әрине, жетістік оңайлықпен келмейді. Ол үшін қаншама тер төгілді. Бұл Нұрбектің жетекшісі математик Жорғабаев Қайырғали, физик Пахымбетов Сатыбалды секілді ұстаздарының жылдар бойғы қақырлы еңбектерінің жемісі.

– Біз бұл жетістікпен шектеліп қалмаймыз. Біздің межеміз жүз пайыздық көрсеткішке жету. Ұжымымыз осы бағытта бар күш-жігерлерін жұмсап, еңбек ете бермек, – дейді Шардара ауданының №3 мамандандырылған мектеп-интернатының директоры Г.Қасымбекова.

Біз де бұл ұжымға алдағы уақытта толағай табыстар тілейміз.

Ж.СЕЙДУАЛИЕВ.

### Табыстар мен мүліктер жайлы

«Нұр Отан» партиясының бастамасымен өтіп жатқан «Өзіңнен баста» атты республикалық акциясы негізінде өз атымдағы мүлік пен табысымды жария етемін.

2015 жылғы жылдық табысым – 2763650 теңге. Мүліктерім – Шардара қаласы, Қазыбек би көшесі, №2а/4 үй және Шардара қаласында тұрғын үй салуға арналған 0,9 сотық жер учаскесі.

**Б.ШОМПИЕВ,**  
аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы.

«Нұр Отан» партиясының бастамасымен өтіп жатқан «Өзіңнен баста» атты республикалық акциясы негізінде өз атымдағы мүлік пен табысымды жария етемін.

2015 жылғы жылдық табысым – 2058638 теңге. Мүлік – Шардара қаласы, Нұр Отан көшесі, нөмірсіз үй, мемлекеттік нөмірі 175 FKA 13 «Лада-21901» автокөлігі. Алатау батыр ауылындағы «Қамшыбек» шаруа қожалығына қарасты 12 гектар жер сенімді басқаруға берілген. Асыраушыманнан айырылуға байланысты екі балаға төленетін жәрдемақының жылдық мөлшері 305088 теңге.

**О.ҚАЛШАБЕКОВА,**  
«Қоссейіт» жалпы орта мектебінің директоры.



«Біз біргеміз!» акциясы аясында

## Мүмкіндігі шектеулі жандарға барлық жағдай жасалады

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, аудан бойынша мүгедектерге қолжетімді орта құру, кәсіпкерлерді жұмылдыру мақсатында 20 сәуір мен 1 маусым аралығында «Біз біргеміз!» акциясы өтті.

Аудан көлемінде акция негізінде жұмысшы топ құрылды. Мүгедектерге қолжетімді орта құруға кәсіпкерлерді жұмылдыру мақсатында аудан әкімінің орынбасары Б.Әліпов қала аумағында жоғарыдағы жұмысшы топпен және БАҚ өкілдерімен, ауыл әкімдері өздеріне қарасты елді мекендердегі жұмысшы топпен бірге мүгедектердің қала, ауыл аумағындағы жекеменшік нысандарға еркін кіріп-шығуын қамтамасыз ету үшін шараның негізгі мақсаттары туралы методикалық көмек көрсететін және зерделеу жұмыстарын жүргізетін мобильдік топтың негізгі жұмыстарын (әдістемелік ұсынымдар) талдады.

21 сәуір күні қала аумағындағы Төле би көшесінің бойында (аудан әкімі аппараты, «Шардара» кафесі, «Шардара» дүкені, С.Әшіров көшесінің бойындағы қала әкімі аппараты, аудандық жасөспірімдерге арналған №1 спорт мектебі, «Халық банк», «Айым», «Мерей», «Эко-фарм» дәріханалары, аудандық емхана, аурухана, «Айым», «Болашақ» дүкендері, Эл-фараби көшесінің бойындағы мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы, мұрағат, электр желілері мекемесі, «Қарлығаш» дүкені, Қазыбек би көшесінің бойындағы жылжымайтын мүлікті тіркеу мекемесі, «Шартапар-Шарайна» ЖШС, М.Горький атындағы ЖОМ, «Қазыбек» мейрамханасы, «Болашақ» сауда кешені және Жастар көшесі бойындағы жаңадан салынған «Жасұзақ» мейрамханасы, «Бейбіт» дүкендерін аралап, барлығында мүгедектердің ғимаратқа еркін кіріп-шығуына арналған тек пандустар жасалып, олардың бетіне тайғанаққа қарсы төсеніштер, ұстап шығуға арналған ұстағыштар, күн қағарлар және пандустардың жиегіне бұғаттар жасалмағандығын айтты. Одан бөлек, қолжетімділік шараларын және жиекжолдар мен жиектастарды ретке келтіруді қамтамасыз ету және жаяу жүргіншілер өткеліне жарық беретін және ілесе дыбыстайтын бағдарламалардың

орнатылу керектігі ескертіліп, барлық әлеуметтік нысанның иелеріне (басшыларына) 10 күн ішінде кемшіліктерді жойып, атқарылған жұмыстарды бақылауға алып, мәлімет беру керектігі қала әкіміне тапсырылды.

Атқарылған жұмыстар бойынша жергілікті «Өскен өңір» газетіне 2 рет, «Шартапар-Шарайна» газетіне 2 рет мақала жарияланып, «Шымкент-Қазақстан» телеарнасында хабар берілді, фейсбукта мақала ретінде жарық көрді.



Бүгінгі таңда аудан аумағында 102 көше, 148 нысан анықталып, 11 жұмысшы топ құрылды. 140 нысанда демеушілер есебінен пандустар талапқа сай орнатылғаны анықталып, 8 нысанның кемшіліктері (параметрлері сәйкес емес) ретке келтірілуде. Анықталған 102 көшенің орталық көшесіне (Түгелбаев пен Әйтеке би көшесінің қиылысына) бағдаршам орнатылып, дыбыс беретін құрылғы мен жарық орнатылған. Н.Оңдасынов пен Жастар көшесінің қиылысына бағдаршам орнату мақсатында жергілікті бюджеттен 3,5 млн теңге қаржы қаралуда. Жаяу жүргіншілер өтетін орындарға, атап айтқанда, 6 тұраққа белгі қойылып, 12 жерге жол белгілері орнатылған. Қосымша 6 жерге жол белгілерін орнатуға жергілікті бюджеттен қаржы қаралуда. Қала, ауыл әкімдері 35 жекеменшік нысандармен меморандум түзіп, жұмыстар жүргізуде. Бүгінгі таңда жұмыстар жалғасын табуда.

**Ж.ТҰРЛЫБЕКОВ,**  
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Мемлекеттік тіл – менің тілім

## Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін

Жер шарындағы әр елдің, жер түкпіріндегі әрбір халықтың өз туған тілдері, ана тілдері болады.

Ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел – өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайтыны баршамызға белгілі.

Қазақстан Республикасында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Еліміздің ең қастерлі құжаты – Конституция.

Ата заңымыз елдімізді айқындайды, ұлттығымызды ұлықтайды, тілімізді төрге шығарады. Осы Конституцияның 7-ші бабында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілген.

Сондай-ақ, сол бапта «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» делінген. Бұл құжат, әсіресе, мемлекеттік тілдің орны бөлек екенін әйгілеп тұрады. 7-ші бапты жеті қазынадай қадірлейтіміз сондықтан.

Қазіргі заманауи білім жүйесіне сай, жастарымыз ана тіліміздің мәртебесін асқақтатып, шыңын шыңдап, өз үлестерін қосуда. Солардың бірі Көксу ауылының тұрғыны, С.Ерубаев атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бүркітбаева Ақима.

2014 жылы республикалық «Дарын» орталығының «Республикалық 45 minut.kz» басылымына «Сөздерді топтастыру. Зат есім» тақырыбында сабағын жариялап,

2014 жылы аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» атты байқауына қатысып, III орынға ие болды. 2015 жылы ОҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен мұғалімдердің кәсіби мәртебесін көтеру мақсатында аудан көлемінде өткізілген «Үздік билингвист» байқауында I орынға ие болып, облыстық байқауға жолдама алған еді. Облыстан III орынды қанжығасына байлап, ауданымызға жақсы жетістіктермен оралды.

Десек те, дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні, халықтығының асыл белгісі, намысы, ердігі.

Елбасымыз айтқандай «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше болашағымызды бала-шағамызды қадірлегендей қадірлейік. Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әли: «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» дейді. Тағы да сол Қадыр: «Топтастыратын да – тіл, от бастыратын да – тіл» дейді. Олай десе бірліктің тілін ұлықтайық, тірліктің тілін де ұмытпайық. Тіліміз арқылы топтасуға ұмтылайық.

**Н.АСАНОВА,**  
аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығының әдіскері.

Жастар саясаты

## Белсенді жастар бас қосты

Аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдау көрсетіп, «Жастар ресурстық орталығының» бастамасымен ауданымызда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында 4 маусым күні «Кәсіпкерлік мектебінде» жастармен ауқымды кездесу ұйымдастырылды.

Аудан әкімінің орынбасары Б.Әліпов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Б.Шомпиев, аудан әкімі аппаратының персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің басшысы Қ.Қошымова, «Жастар ресурстық орталығының» директоры С.Әйтемовалар қатысқан жиын екі бөлімде өтті. Кездесуді Б.Әліпов жүргізіп отырды.

Жиынның бірінші бөлімінде жастарға мемлекеттік қызметтің мәні мен мазмұны, қызметке орналасу тәртіптері мен ережелері толыққанды түсіндірілді. Осы тақырып бойынша сөз алған Б.Шомпиев мемлекеттік қызмет туралы заңға шолу жасап, Қ.Қошымова жастардың мемлекеттік қызметке қалай орналасуға болатындарын егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

– Тест сұрақтарына дұрыс жауап берсеңіздер, білімдеріңіз бойынша біліктілік талаптарына сай келіп тұрсаңыздар, жұмысқа орналасуға толық құқықтарыңыз бар. Тест тапсыру бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдетілген. Сонымен бірге, қойылатын сұрақтар өз елімізде қолданылып жүрген заңдар аясында ғана. Сондықтан да тестілеуге қорықпай қатысып, бақ сынауларыңызға болады, – деді Қ.Қошымова.

Жұмысқа орналасқаннан кейінгі мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайлары да кеңінен түсіндірілді.

Хабарламашының сөзінен соң жастар

өздерін мазалап, түсіне алмай жүрген сауалдарына толыққанды жауап алды десек артық айтқандық болмас.

Жиынның екінші бөлімі «4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне» арналды. Бұл кезеңде «Жастар ресурстық орталығының» қызметкері О.Құдайбергенов мемлекеттік рәміздеріміздің қолданылуы туралы тиісті заңға шолу жасап шықты. Онан кейін сөз алған Б.Шомпиев мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібін тәптіштеп түсіндіріп өтті. Туды қалай орналастыру керек? Әнұран орындалып жатқанда қандай ережені ұстану қажет? Елтаңбаны қалай пайдалану керек? – деген сауалдарға салиқалы түрде жауап берілді. Жиын үстінде «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама жауаптарын салыстырып шыққан Б.Әліпов жастардың барлығы өздерін патриотпыз деп есептейтіндеріне разылық білдірді. Сонымен бірге, кейбір жастардың рәміздеріміздің авторларын түгелдей білмейтіндеріне қынжылыс танытты. Осылайша ауқымды түрде бас қосқан жастар өздеріне мемлекеттік қызмет туралы, мемлекеттік рәміздер жайлы мазмұнды ақпарат берген аға-әпкелеріне шынайы алғыстарын білдіріп жатты.

**С.ҚОСПАНҰЛЫ.**

## Ауыл тұрғындары үшін көшпелі қоғамдық қабылдаулар өтуде



Қазіргі таңда халықты жұмыспен қамту мәселесі алдыңғы орында тұрған мәселе. Түйіпкілді мәселенің түйінін шешуге мемлекеттік органдардан бөлек, үкіметтік емес ұйымдар да белсене ат салысуда.

Осы мақсатта «Нұр Отан» партиясы орталық аппаратының «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» партиялық жобасын іске асыру жоспарына байланысты маусым айының 6-10 жұлдызы аралығында несиелер беру механизмдері мен шарттарын халыққа түсіндіру мақсатында «Көшпелі қоғамдық қабылдау» акциясын өткізу жоспарланған. Аталған шараға сәйкес «Нұр Отан» партиясы Шардара аудандық филиалының қызметкерлері мен жұмыспен қамту, кәсіпкерлік саласының мамандары таяуда Көксу ауылында қоғамдық қабылдау өткізді.

– Мұндағы мақсат – ауыл тұрғындарына үкімет тарапынан беріліп жатқан несиелерді алу жолдарын кеңінен түсіндіру. Несие алуға дейінгі құжаттар дайындауды үйрету. Осы мәселелер төңірегінде шешімін таппай жүрген сауалдарына жауап беру, – дейді көшпелі қоғамдық қабылдауды бастап келген «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының консультанты Б.Біләлов.

Ауыл тұрғындарымен өткізілген жиын барысында «Халықты жұмыспен қамту» орталығының маманы Н.Майханов, ОҚО кәсіпкерлер палатасы Шардара аудандық филиалының кеңесші-менеджері С.Серік, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының менеджері Г.Әлменовалар өз салалары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тұрғындар аудан орталығынан келген мамандарға көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, тұщымды жауаптар алды.

Аталған шара кесте бойынша өзге ауылдарда да өтетін болады.

**С.СЛАХАНОВ.**

Бәрекемді!

## Бас жүлде – бізде

Таяуда Сарыағаш қаласында 1 маусым балаларды қорғау күніне орай 2003-2004 жылы туылған қыздар арасында волейболдан ашық біріншілік болып өтті.

Дүбірлі додаға облыс көлеміндегі ең мықты деген 12 команда қатысып, өзара бақ сынады. Олардың қатарында Е.Қалдаров, Е.Сакиев, Н.Айнабеков сынды



жа т т ы қ т ы р у ш ы л а р баптаған біздің аудан құрамасы да болды. Ұзақты күнге созылған тартысты ойындардың қорытындысында біздің қыздар біріншіліктің чемпионы атанды.

Спортшы қыздарға әрдайым сәттілік тілейміз.

**Д.МҰСАЕВ,**  
№1 АБЖСМ оқу ісінің меңгерушісі.



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# Шардара ауданы қашан құрылды?

Ары қарай оқи түсейік, Қаулы 2 тармақтан тұрады.

**1. Орталығы Абай селосы болатын, құрамына Шымкент облысы Шардара ауданының Абай, Ақтөбе, Бірлік, Коммунистік, Ленин жолы және Чапаев кеңестері енетін Келес ауданы құрылсын.**

**2. Шымкент облысындағы Шардара ауданының орталығы Абай селосынан Шардара қаласына көшірілсін, – делініпті.**

Қаулыны қайта-қайта оқуыма тура келді. Түсінбегендіктен емес, одан Шардара ауданын құру туралы бірде-бір сөз таппағандықтан, әрине.

қаласына көшірілді.

«Шағалалы Шардара» кітабындағы Шардара ауданы 1969 жылы құрылды деген пікірі дұрыс емес. Кеңес Одағының Батыры С.Әшірөвті «Қоғалы» ауылында туылды депті. Көзін көрген батырдың туған жерін білмеу ұят-ақ. Ізденсе, құжаттар табылар еді. Сондай-ақ кітапта басқа да хронологиялық даталар қате жазылған. Түзел, қайта жазу қажет».

**Тәңірберді Ағманұлы: Шардара ауданының «Құрметті азаматы», аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, зейнеткер.**

«26 қаңтар 1963 жылы Киров, Мақтарал, 31 декабрь 1964 жылы Жетісай аудандары Өзбекстанның Сырдария облысына берілді. 1962-1963 жылдары Киров ауданының құрамында болған Шардара, Көксу, Қызылқұм, Темирязов, Шымқорған, Сарыағаш ауданының құрамында болған Сырдария, Арыс ауданының құрамында болған Сүткент, Байырқұм кеңшарлары қазіргі Отырар ауданына берілді.

1964 жылы орталығы Абай селосы болып, Шардара ауданы құрылды. Ол кезде Келес ауданы Сарыағаштың құрамында болатын.

Ал Келес ауданы 1969 жылы құрылды да, Шардара ауданының орталығы Абай селосынан Шардара қаласына көшірілгені есімде.

1966 жылы мен партия қатарына қабылданып, Шардара ауданының бірінші хатшысы Т.Тумашевтың қолынан партия билетін алдым. Шардара ауданы құрылғалы Киров, Келес аудандарының құрамында болған емес. Кейбір шардаралық азаматтар күні бүгінге дейін Шардара Келес ауданына қарады деп түсінеді».

**Құрманбек Шәметов: ақын, бірнеше жыр жинақтарының авторы, зейнеткер.**

«Мен Келес ауданының тумасымын. 1963 жылы Келес ауданы таратылып, Сарыағаш ауданына қосылды. 1964 жылы Шардара ауданы құрылып, Абай селосы аудан орталығы болды. Мен тұратын ХХІ партсъезд кеңшары да Шардара ауданының құрамына берілді. 1966 жылдан бастап Шардара аудандық «Өскен өңір» газетін жаздырып алатынымын. М.Әлжанов редакторы болатын.

1969 жылы Келес ауданы құрылған кезде ХХІ партсъезд кеңшары Келеске қайта қосылды.

Шардаралық көптеген тұрғындар Шардара Келес ауданының құрамында болды деген пікірде. Себебі, оларға баспасөз бен кітаптар арқылы жалған мәліметтер жеткен деп ойлаймын. Ж.Мұқанов «Шағалалы Шардара» кітабында Шардара ауданы 1969 жылы құрылды деп жазыпты. Бұл дұрыс емес».



**1966 жылы 1 қаңтарда Абай селосында шыға бастаған Шардара аудандық «Өскен өңір» газетінің тұңғыш саны.**

**Аблай Шайханов: зейнеткер, Шардара ауданының «Құрметті азаматы».**

«Ширек ғасыр – шежіре», «Шағалалы Шардара» кітаптарын оқығанмын. Екі кітап та Шардараның мерейтойларына арнап дайындалған. Кітапта аудан тарихы бұрмаланып берілген. Пікір қайшылығы да көп. Ауданның ғана емес, кеңшарлардың да құрылған жылдары қате көрсетілген. Ол «Шағала Шардара» кітабын тарихи, энциклопедиялық анықтамалық деп атапты.

Тарих – бұрмалауға келмейтін ақиқат, энциклопедия – ғылыми електен өткен, дәлелденген тұжырым екенін Ж.Мұқанов қайдан білсін. Ол шардаралықтарға осы да болады деп ойлаған секілді.

Тағы бір айтарым, кітапқа елге сыйлы бірнеше азаматтардың сұхбаттары, мақалалары, жылы лебіздері еніпті. Оларды Шардараның тарихынан хабарсыз деуге аузым бармайды. Оларға ауданның мерейтойына сұхбат беріңіздер деп ұсыныс айтқан кітап шығарушылар кінәлі деп ойлаймын. Тарихты жазу үшін білім мен сауат керек».

Сөзімізді көбейтпей Шардараның тарихына сәл шегініс жасайық.


Өткен ғасырдың 1928 жылы қазіргі Қ.Тұрысбеков және Қоссейіт ауыл округі мен Шардара су қоймасының астында қалған ауылдардың жер көлемі кіретін «Қызылқұм» ауданы құрылды. Аудан орталығы әуелі Ақтөбе селосы (Шардара теңізінің астында қалған) болып белгіленіпті. 1930 жылы Шардара селосына көшірілген. Аудан мақта егумен, мал өсірумен шұғылданған. Ауданда 10 колхоз, 1 МТС болған.

1953 жылы Қызылқұм ауданының орталығы Мақталы (мұрағат құжаттарында осылай көрсетілген) селосына көшіріліп, 1956 жылы Киров ауданына қосылған.

1962 жылдың қараша айында Киров ауданының құрамындағы Шардара, Шымқорған, осы жылдың желтоқсан айында Қызылқұм (қазір Өзбекстанда), Көксу кеңшарлары Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданына қараған.

1964 жылдың 31 желтоқсанында Шардара ауданын құру жайлы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланады.

**1964 жылдың 31 желтоқсанда Шардара ауданын құру туралы Қаулы көшірмесі**



Жаңадан құрылған Шардара ауданының құрамына Сарыағаш ауданына қарасты Абай, Ақтөбе, Ленин

жолы, Чапаев, Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданының Шардара, Жаңашардара ауылдық кеңестері мен Сырдария поселкесі енген.

1965 жылы ақпан айында Абай, Бірлік, ХХІ партсъезд, Келес, Байырқұм, 1969 жылы Сүткент кеңшарлары Шардара ауданының құрамына берілді.

«Шағалалы Шардара» кітабында аудан тарихы емес, ондағы кеңшарлардың құрылғаны туралы деректер де бұрмаланыпты (151 бетте).

1965 жылы Шардара ауданында ҚР Министрлер Кеңесінің №468 Қаулысымен «Восход», 1967 жылғы №857 Қаулысымен Октябрьдің 50 жылдығы атындағы, 1969 жылғы №339 Қаулысымен «Комсомол», 1971 жылғы №79 Қаулымен «Қазақстан», 1972 жылғы №103 Қаулымен «Целинный», 1977 жылғы №513 Қаулымен «Достық», 1978 жылғы №259 Қаулысымен «Ақ-Алтын», 1981 жылғы №311 Қаулымен Қазақстан Республикасы 60 жылдығы атындағы, 1984 жылы №97 Қаулымен «Жиделі», №188 Қаулымен «Жусанды» кеңшарлары бой көтереді.



**1965 жылдың 20 қаңтарында Т.Тумашевты Шардара ауданының бірінші хатшысы етіп бекіткен құжат. Құжат Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Ливенцовтың қолымен бекітілген.**

1985 жылы Жусанды кеңшары таратылып, 1989 жылы қарашада Байырқұм, Жиделі, Аққала кеңшарлары Арысқа берілген.


Енді Шардара ауданын алғаш кімдер басқарды. Соған тоқталайық. Аудан 1964 жылы 31 желтоқсанда құрылғанын жоғарыда айтып өттік.

Ал 1965 жылы 14 қаңтарда, яғни Шардара ауданы құрылғаннан соң 14 күн өткенде, аудан орталығы болып белгіленген Абай селосында партия Пленумы болды. Сол күнгі ұйымдастыру Пленумында Шардара коммунистері партия комитетінің бірінші хатшысы етіп Т.Тумашевты, хатшылары етіп Қ.Айнабеков пен З.Адиловаларды сайлаған. Атқару комитетінің төрағалығына Халмат Нығметжанов тағайындалды.

1969 жылы 13 қаңтардағы №1452-II Қаулыға сәйкес Келес ауданы құрылып, Шардара ауданының орталығы Абайдан Шардара қаласына көшірілді.




Жаңадан құрылған Келес ауданының бірінші хатшысы болып 1965-1969 жылдары Шардара ауданын басқарған Тумашев Тлеуберген Кусбасчинович тағайындалса,



1969 жылдың 28 сәуірінде Т.Тумашевты Келес ауданының бірінші хатшысы етіп бекіткен құжат. Құжат Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Ливенцовтың қолымен бекітілген.

Шардара ауданына бірінші хатшы етіп 1969 жылы 27 ақпанда өткен Пленумда шардаралық коммунистер Қауысбек Тұрысбековты сайлады.



1969 жылдың 28 сәуірінде Қ.Тұрысбековты Шардара ауданының бірінші хатшысы етіп бекіткен құжат. Құжат Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Ливенцовтың қолымен бекітілген.

Енді Шардара қаласына тоқтала кетейік. 1958 жылы негізі қаланған Сырдария поселкесі 1968 жылы 9 тамыздағы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының №1102-ҮІІ Указына сәйкес Шардара қаласы аталып, 1969 жылдың қаңтарынан Шардара ауданының орталығы болып белгіленді.



Об основании городского поселка Сырдариянский Шардаринского района Чимкентской области в категорию городов районного подчинения.

Обнести Городской поселок Сырдариянский Шардаринского района Чимкентской области в категорию городов районного подчинения, присвоив ему наименование – город Шардара.

Президиум Верховного Совета Казахской ССР С. ШАЙБЕКОВ

Президиум Чимкентской области Б. РАМАЗАНОВА

1 августа 1968 г. №1102-УІІ

Сырдария поселкасын Шардара қаласы деп атау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1968 жылғы 9 тамыздағы Указының көшірмесі.

Шардарада 1994 жылы ауданның 25 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Дүркіреп өткен той көпшіліктің есінде болар. Бірақ 1994 жылы Шардара ауданына 30 жыл толған еді. Осы мерейтойға байланысты Ж.Мұқанов «Ширек ғасыр - шежіре» атты кітапша дайындады. 2009 жылы ауданның 40 жылдығына орай құрастырған «Шағалалы Шардара» кітабы жарық көрді.

2014 жылы Шардара ауданының 45 жылдығы аталып өтілді. «Тұңғыш Президент» саябағы алдына аудан тарихы тасқа қашалып жазылған үлкен тақта орнатылды.

1964 жылы құрылған Шардара ауданына 2014 жылы 50 жыл толған болатын. Аудан тарихын 1969 жылдан басталады деп мерейтойлық кітаптар шығарып, мақалалар жазып, қалың оқырмандар мен шардаралықтарға жалған ақпарат таратқан Жұмабек Мұқановқа қателігін бетіне айтатын, көкірегі ояу, сауатты азаматтардың үнсіз қалғандығына іштей таңданасын.

Жуырда Ж.Мұқанов аудандық мәслихатқа хат жолдап, менің атыма орынсыз, дәлелсіз сындар айтыпты. «Әзірге Бас редактордың өзін білемдігіне әй дейтін әже, қой дейтін қожа табылмай келеді. Бұл заңсыздық қашанға дейін жалғаса бермек. «Өскен өңірдің» тарихын бұрмалау – Шардараның өткеніне күл шашумен бірдей жағдай. Шектен шыққан сорақылық екендігі дәлелдеуді қажет етпейді», – депті хатында ол.

Мен «Өскен өңір» газеті мен Шардара тарихына кімнің қиянат жасағанын көзі қарақты оқырмандардың өзі сарапқа салар деп ойлаймын.

Ауданымыздың құрылу тарихы жайлы ақиқат осы, ағайын. «Ештен кеш жақсы», – дейді дана халқымыз. Шардара тарихы түзелер, түзетілер...

Есенбай БЕЙСЕНБИЕВ, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңының 9-бабына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің негізгі құқықтары белгіленді. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшінің Ата заңымызда кепілдік берілетін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға толық құқы бар.

Сонымен бірге, өзіне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың анық жағдайлары туралы өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының немесе құқық қорғау органдарының назарына жеткізген жағдайда, ҚР заңнамасына сәйкес құқықтық және өзгелей қорғалуға хақы бар. Еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларын қалыптастыруына болады.

Өзінің лауазымдық өкілеттіктері шегінде мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, тиісті органдар мен лауазымды адамдардың оларды орындауын талап етуге құқылы. Жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылар, өзге де лауазымды адамдар және азаматтар тарапынан өзіне әділ және құрметпен қарым-қатынас жасалуына ықпал етуге құқы бар. Мемлекеттік қызметшінің өзге де құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленуі мүмкін.

Серікбай МАХАНБЕТ, Жаушықұм ауылының әкімі.

## Сақ болыңыздар және тексеріс жұмыстарына түсіністікпен қараңыздар

Үстіміздегі жылғы 5-6 маусым күндері Ақтөбе облысы аумағында террористтерді оқшаулау бойынша антитеррорлық операция жүзеге асырылды.

Орын алған жағдайларды ескере отырып, Республикалық жедел штаб басшысы – ҚР ҰҚК төрағасы, генерал-лейтенант У.З.Жұмақановпен ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік ақпараттар мониторингі жүйесі мен террорлық акт қаупінің тууы туралы тұрғындарға хабарлаудың мемлекеттік жүйенің хйымдастырылуы мен істеуі ережесінің 4-тарауына сәйкес Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Астана және Алматы қалаларында 40 тәулікке террористік қауіптіліктің бірқалыпты «сары» деңгейі белгіленген.

Осыған байланысты мемлекеттік органдармен

5-6 июня т.г. на территории Актыбинской области проводится антитеррористическая операция по нейтрализации террористов.

Принимая во внимания складывающуюся обстановку, руководителем Республиканского оперативного штаба по борьбе с терроризмом – Председателем КНБ Республики Казахстан генерал-лейтенантом Жумакановым В.З. в соответствии с главой 4 Правил организации и функционирования государственной системы мониторинга информации и оповещения населения о возникновении угрозы акта терроризма, утвержденным Указом Президента РК от 9 августа 2013 года №611 в пределах Алматинской, Акмолинской, Актыбинской, Атырауской, Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Жамбылской, Карагандинской, Кызылординской, Костанайской, Мангистауской, Павлодарской, Северно-Казахстанской и Южно-Казахстанской областей, г. Астаны и Алматы установлен умеренный «желтый» уровень террористической опасности сроком на 40 суток.

жүргізіліп жатқан жұмыстарға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз.

Иесіз жатқан заттарға (сөмкелерге, қораптарға, түйіншектерге, қаптарға, чемодандарға және т.б.), әсіресе, сымдар мен техникалық құралдар шығып тұрса, сондай-ақ қоғамдық жерлерде және көлікте күмәнді, күдікті адамдарға назар аударыңыздар.

Күдікті заттарды ұстамаңыздар. Сақтау немесе тасымалдау үшін, әсіресе, бейтаныс адамдардан күмәнді заттарды алмаңыздар.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құжат тексеру жұмыстарына түсіністікпен қарап, оларға мүмкіндігінше көмек көрсетіңіздер.

Дүрлігуге жол бермей, мемлекеттік органдардың ресми ақпараттарына жүгініңіздер.

Терроризммен күрес жөніндегі республикалық жедел штаб.

В этой связи, просим с пониманием отнестись к проводимой работе государственных органов.

Обращать внимание на бесхозные предметы (сумки, коробки, свертки, мешки, чемоданы и т.п.) особенно с наличием проводов и технических устройств, а также на подозрительных людей в общественных местах и транспорте.

Не прикасаться к подозрительным предметам. Не принимать на хранение или для транспортировки подозрительные предметы, особенно от неизвестных лиц.

Отнеситесь с пониманием к действиям сотрудников правоохранительных органов при проверке документов и оказывать им посильное содействие.

Не поддаваться панике и руководствоваться официальной информацией государственных органов.

Республиканский оперативный штаб по борьбе с терроризмом.



## Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су және биологиялық ресурстар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбеков.**

### «КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б. Сұлтанов. 2015 жылғы «2» желтоқсан

### «КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Е. Досаев. 2015 жылғы « »

### «КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің атқарушы Т. Жақсылықов. 2015 жылғы «24» шілде

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсан №6-4/1072 бұйрығымен бекітілген**

### «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

#### 1. Жалпы ережелер

1. «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚКО) арқылы жүзеге асырылады.

#### 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

1. Көрсетілетін қызметті берушіге немесе ХҚКО-ға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге өтінімді тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні;

2) өтінімді тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, ХҚКО-да 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут, ХҚКО-да 15 минут.

ХҚКО-ға жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне қабылдау және беру күні кірмейді;

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – одан әрі көрсетілетін қызметті алушының банктік шотына тиесілі субсидияларды аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем құжаттарын ұсыну.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

ХҚКО арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметті берушінің уәкілетті адамының қолы қойылған субсидия тағайындау/тағайындамау туралы шешімі бар қағаз жеткізгіштегі хабарлама жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

#### 8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма (қоса алғанда) аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге, 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 8.30-дан, 9.00-ден 18.00-ге, 18.30-ға, 19.00-ге дейін.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек куту тәртібімен көрсетіледі.

2) ХҚКО-ның – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-сенбі (қоса алғанда) аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электрондық» кезек тәртібімен көрсетіледі. Электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады;

9. Көрсетілетін қызметті алушы не оның сенімхат бойынша өкілі (жеке тұлғаға – нотариалды сенімхат бойынша, заңды тұлғаға – өкілеттілікті растайтын құжат бойынша) көрсетілетін қызметті берушіге немесе ХҚКО-ға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушы субсидиялар алу үшін ай сайын осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды алуға өтінім;

2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінімді көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде, көшірмесінде өтінімді қабылдау күні мен уақыты, өтінімді қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қойылғаны-қағаз жеткізгіштегі өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ХҚКО-ға берген кезде, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат-қағаз жеткізгіштегі өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.

ХҚКО-да дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беруді жеке басты куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда, қолхат негізінде оның жұмыскері жүзеге асырады.

ХҚКО нәтиженің бір ай сақталуын қамтамасыз етеді. Одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде, ХҚКО-ның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды ХҚКО-ға көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші, ХҚКО өтінімді қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

#### 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда немесе электрондық түрде не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

ХҚКО қызметкері дәрежі қызмет көрсеткен жағдайда, шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша ХҚКО басшысының атына беріледі.

Қолма-қол да, пошта арқылы да немесе электрондық түрде келіп түскен шағымды қабылдаған адамның тегі

мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, ХҚКО-ның немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады.

#### Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, ХҚКО-ның, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚКО-ның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымның қабылданғаны туралы растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді. Онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, осы шағымға жауап алу мерзімі және орны, шағымның қаралу барысы туралы ақпарат алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе ХҚКО-ның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап, бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе ХҚКО-ның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде, көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады. Ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеуі барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап, он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде ХҚКО арқылы көрсетілетін қызмет ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Ағза функцияларының тұрақты бұзылулары бар, өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, құжаттарды қабылдауға бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсетуді ХҚКО-ның қызметкері 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіне отырып, тұрғылықты жеріне барып, жүзеге асырады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға куту және қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттар тізбесі және оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және ХҚКО-ның ғимараттары дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандусы бар кіреберіспен жабдықталған

15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің [www.mgov.kz](http://www.mgov.kz) интернет-ресурсында;

2) ХҚКО-ның [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары [www.minagri.gov.kz](http://www.minagri.gov.kz), облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

(Жалғасы келесі санда)



«BANIGO» ЖШС ағылшындық әдіс бойынша кепілге қойылған мүліктерге сату аукционы өтетіндігін хабарлайды. Аукционға түсетін ауыл шаруашылық жер учаскілері:

4967	Алимханов Омарбек	19-301-020-333	Қызылқұм	14,01	693 150
32505	Рзаев Усербай Бакирович	19-301-021-434	Қызылқұм	0,080	1 000 000
30504	Оринов Даулетбек	19-301-030-017	Көксу	36	4 000 000
27019	Халбекова Жупаркуль	19-301-010-398	Көксу	12,2	1 338 643
10112	Менсеков Андагельди	19-301-006-052	Достық	10,1	633 400
25455	Буркитбаев Кенес	19-301-006-178	Достық	18	296 250
3932	Мухаммадиев Абай	19-301-010-429	Көксу	6,8	550 800
18167	Алимжанов Улықбек	19-301-010-484	Көксу	8	98 100
8555	Акмолдаев Айтжан	19-301-010-305	Көксу	3	258 300
30002	Нурбеков Мурат	19-301-003-474	Қоссейіт	4	1 483 950
	Нурбеков Мурат	19-301-003-475	Қоссейіт	1,17	
	Нурбеков Мурат	19-301-003-473	Қоссейіт	5,53	
6085	Апиев Алуадин	19-301-003-646	Қоссейіт	5,1	411 600
	Апиев Алуадин	19-301-003-647	Қоссейіт	3,2	

ТОО «BANIGO» объявляет торги на заложенные имущества по английскому методу торгов (на повышение): Права землепользования на нижеследующие земельные участки сельскохозяйственного назначения

4967	Алимханов Омарбек	19-301-020-333	Қызылқұм	14,01	693 150
32505	Рзаев Усербай Бакирович	19-301-021-434	Қызылқұм	0,080	1 000 000
30504	Оринов Даулетбек	19-301-030-017	Көксу	36	4 000 000
27019	Халбекова Жупаркуль	19-301-010-398	Көксу	12,2	1 338 643
10112	Менсеков Андагельди	19-301-006-052	Достық	10,1	633 400
25455	Буркитбаев Кенес	19-301-006-178	Достық	18	296 250
3932	Мухаммадиев Абай	19-301-010-429	Көксу	6,8	550 800
18167	Алимжанов Улықбек	19-301-010-484	Көксу	8	98 100
8555	Акмолдаев Айтжан	19-301-010-305	Көксу	3	258 300
30002	Нурбеков Мурат	19-301-003-474	Қоссейіт	4	1 483 950
	Нурбеков Мурат	19-301-003-475	Қоссейіт	1,17	
	Нурбеков Мурат	19-301-003-473	Қоссейіт	5,53	
6085	Апиев Алуадин	19-301-003-646	Қоссейіт	5,1	411 600
	Апиев Алуадин	19-301-003-647	Қоссейіт	3,2	

Сату аукционы 17 маусым 2016 жылы сағат 11.00-де өтеді. Мекенжайы: Шардара ауданы, Алатау батыр а/ә, С.Кәттабеков көшесінде орналасқан мақта қабылдау пунктінде өтеді. Сату аукционы өткен соң, төлемақыны 3 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

Аукционға қатысу үшін өтініш білдіруге мына мекенжайға хабарласуға болады: Шардара ауданы, Алатау батыр а/ә, С.Кәттабеков көшесінде орналасқан мақта қабылдау пункті.

Хабарлама шыққан соң, аукционға қатысу үшін өтініш қабылдау сату аукционы басталардан бір сағат алдын тоқтатылады.

Егер мүлік сатылмаған жағдайда, келесі аукцион голландық әдіс бойынша 24 маусым 2016 жылы сағат 11.00-де жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша өтеді. Қосымша мәліметтерді мына байланыс телефоны арқылы хабарласып алуыңызға болады.

8(72535) 4-26-16; 8 705 884 94 60.

Сенімді өкіл Н.АРТЫКОВ.

Торги состоятся 17 июнь 2016 года в 11-00 часов по адресу: Шардаринский район, с/о.Алатау-Батыр, ул.Каттабеков б/н. хлопко приемного пункта.

Оплата покупной цены производится в течение 3-х банковских дней с момента завершения торгов. Заявки принимаются по адресу: Шардаринский район, с/о. Алатау-Батыр, ул.Каттабеков б/н. хлопко приемного пункта.

С момента выхода информационного сообщения и заканчиваются за один час до проведения торгов.

В случае признания торгов несостоявшимися, следующий аукцион будет проведен по голландскому методу (на понижение) 24.06.2016 года по вышеуказанному адресу.

Дополнительную информацию можно получить по тел. 8-(72535) 4-26-16, 87058849460

Доверенное лицо: Н.АРТЫКОВ.

## Балеар 72% С.К.

Действующее вещество: хлороталонил, 720 г/л  
Препаративная форма: суспензионный концентрат  
Упаковка: пластиковая бутылка 1 л

БАЛЕАР 72% С.К. - контактный фунгицид широкого спектра действия с выраженными защитными свойствами. Высокоэффективен при профилактическом применении.

### Основные преимущества

- Высокая эффективность даже при сильном заражении фитофторозом и переноспорозом
- Продолжительность защитного действия до 14 дней
- Устойчив к смыванию дождем
- Эффективен в широком диапазоне температур
- Хорошая совместимость с фунгицидами из других химических классов
- Исключает опасность проявления резистентности
- Высокая окупаемость затрат на обработку



### Регламенты применения


Культура	Норма расхода, л/га	Вредный организм	Способ, время обработки	Срок последней обработки в днях, ( ) максимальная кратность обработок
Картофель	1,6-2,0	Фитофтороз	Опрыскивание в период вегетации	10 (3)
Огурцы открытого грунта	1,6-1,9	Переноспороз	То же	20 (3)

Номер государственной регистрации: № 1615 от 25.03.2011

### Инструкции по применению

Фунгицид **Балеар**® рекомендуется применять в профилактических целях, не дожидаясь проявления заболеваний. Интервал обработок: 7-10 дней. При этом обеспечивается наилучший результат. В случае инфицированности культуры, первую обработку целесообразно провести лечашим фунгицидом. Норма расхода фунгицида зависит от культуры, вида заболевания, а также факторов, способствующих его развитию. Минимальные нормы

расхода используются в начале вегетации или на низком инфекционном фоне. При интенсивном проявлении заболеваний следует применять максимальные нормы расхода фунгицида и сокращать интервал между опрыскиваниями. Используйте аппаратуру для опрыскивания, обеспечивающую полное смачивание листовой поверхности рабочим раствором (не допуская его стекания).



ТО "АГРОСИСТЕМА"  
телефон: 87017676205



### Дәрігер кеңесі

## Конго-Қырым қанды безгегінен абай болыңыз

Конго-Қырым қанды безгегі – жедел, қызбамен, жалпы уланумен, өлім-жітімнің жоғарылығымен сипатталатын вирусты инфекция. Индет қоздырғыштары ауру адам арқылы немесе ауру тасымалдаушы мал қанын сорған кене арқылы және ауру малды сойып, оны мүшелегенде, малды кенеден тазалағанда, мал қырқымы кезінде техника қауіпсіздігін сақтамау салдарынан жұғуы мүмкін. Осы аурумен ауырған адамдар және вирус жұқтырған жануарлар индет таратушы көздерге жатады. Негізгі тасымалдаушылары – кенелер.

Адамдар арасындағы индет жағдайлары көбіне көктем-жазғы уақыттарда (сәуір-тамыз) тіркеледі. Аурудың алғашқы сатысында қысқа уақыт ішінде дене температурасы 39-40 градусқа дейін жетіп, қатты бас ауруы, тоңып-қалтырап, ұйқысы бұзылып, тәбеті нашарлап, жүрегі айнып қасуы мүмкін, жүрек соғысы баяулап, артериялық қан қысымы төмендейді. Қан кету белгілерінің бастапқы кезеңі науқастың денесінде бөртпенің пайда болуымен, түрлі инъекциялар жасаған жерде гематоманың пайда болуымен, мұрнынан қан кетумен сипатталады. Аурудың өршу кезеңі 4-7 күнге созылады және бұл кезең ағзаның жалпы улануымен, ішкі ағзалардың қан кетуімен (асқазан, әйелдерде жатырдан қан кетуі) сипатталады.

Денеге қадалған кенені алар уақытта оны жалаңаш ұстамаңыздар. Жабысқан кенені денеден алу үшін ұшы өткір пинцетті пайдаланыңыз немесе саусақтарыңызды резеңке қолғаппен болмаса матамен қорғаңыздар. Кәдімгі пинцетпен оны теріге мүмкіндігінше жақындата отырып, кенені іліп алу қажет. Кенені алғаннан кейін шаққан жерді дезинфекциялайтын затпен (спиртпен, иодпен) өңдеңіз және қолыңызды сабындап жуыңыз. Сіздің міндетіңіз оны өзі түсіп қалғанын күтпей, тезірек алып тастау. Жұқтыру қауіпін азайту үшін уақыттың маңызы зор.

Жансұлу МҰСАЕВА,  
аудандық емхананың инфекционист дәрігері.

### Сенім телефондары

Шардара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің әдеп қағидалары) нормаларын мемлекеттік қызметшілердің бұзу фактілері туралы 2-16-08 сенім телефонына хабарласуыңызға болатынын ескертеді. Мемлекеттік қызметшілердің этикасын бақылау кітабы Шардара қаласы, Төле би көшесі н/з үйде, Шардара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінде жүргізіледі. Сонымен қатар бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау күні әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін екенін хабарлаймыз.

“Шардара аудандық ішкі саясат бөлімі” ММ.

“Шардара ауданының Шардара қаласы әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларын мемлекеттік қызметшілердің бұзу фактілері туралы 2-26-92 сенім телефонына хабарласуға болатынын ескертеді.

Мемлекеттік қызметшілердің этикасын бақылау кітабы Шардара қаласы, С.Әшіров көшесі, №6 ғимаратта орналасқан қала әкімі аппаратында жүргізіледі. Сонымен қатар, қала әкімінің азаматтарды жеке мәселенен қабылдау күні әр аптаның бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін екенін хабардар етеміз.

“Шардара ауданының Шардара қаласы әкімінің аппараты” ММ.

## Шардара ауданы бойынша Ораза тұту кестесі

Маусым, шілде айлары	Рамазан айының күндері	Апта күндері	Ауыз бекіту уақыты	Ауыз ашар уақыты
06	1	Дүйсенбі	04:03	21:05
07	2	Сейсенбі	04:02	21:05
08	3	Сәрсенбі	04:02	21:05
09	4	Бейсенбі	04:01	21:06
10	5	Жұма	04:01	21:06
11	6	Сенбі	04:00	21:06
12	7	Жексенбі	04:00	21:07
13	8	Дүйсенбі	04:00	21:07
14	9	Сейсенбі	04:00	21:07
15	10	Сәрсенбі	04:00	21:08
16	11	Бейсенбі	03:59	21:08
17	12	Жұма	03:59	21:09
18	13	Сенбі	03:59	21:09
19	14	Жексенбі	04:00	21:09
20	15	Дүйсенбі	04:00	21:10
21	16	Сейсенбі	04:00	21:10
22	17	Сәрсенбі	04:00	21:10
23	18	Бейсенбі	04:01	21:11
24	19	Жұма	04:01	21:11
25	20	Сенбі	04:02	21:11
26	21	Жексенбі	04:02	21:12
27	22	Дүйсенбі	04:01	21:12
28	23	Сейсенбі	04:03	21:12
29	24	Сәрсенбі	04:04	21:12
30	25	Бейсенбі	04:05	21:13
01	26	Жұма	04:05	21:13

**Қасиетті Қадір кешінде Құран Кәрімнің алғашқы аяттары түскен. Дұға, тілек қабыл болатын түн**

02	27	Сенбі	04:05	21:13
03	28	Жексенбі	04:06	21:14
04	29	Дүйсенбі	04:07	21:14

Ескерту: Құрметті Жамағат күн батуында бір-екі минут өзгеріс болуы мүмкін.

## ХАБАРЛАМА

17.06.2016 жылы сағат 11:00-де Шардара ауданы әкімдігінің ғимаратында Оңтүстік Қазақстан облысы прокурорының бірінші орынбасары Б.Жәнібеков Шардара қаласының, Көксу, Қ.Тұрысбеков, Қоссейіт және Жаушықұм елді мекендерінің тұрғындарымен, сондай-ақ сағат 16:00-де Алатау батыр ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында Алатау батыр, Ұзын ата, Қызылқұм, Сүткент, Ақшеңгелді және Достық елді мекендерінің тұрғындарымен кездесіп, жеке қабылдау жүргізеді.

Азаматтарды жеке қабылдау Шардара ауданы прокурорының өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы жауабымен келіспеген жағдайда, сондай-ақ сот актілеріне наразылықтар келтіру туралы өтініштер бойынша жүзеге асырылады.

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу Шардара ауданы прокуратурасының ғимаратында немесе 2-27-17, 2-25-40 байланыс телефондары бойынша жүзеге асырылады.

Шардара ауданының прокуроры Т.СЕЙДУАЛИЕВ.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

2016 жылғы 22 маусымға тағайындалған Қоссейіт ауылдық округі әкімдігінің сайлауына кандидат болып тіркелгендер туралы

№	Ауыл округі атауы	Кандидаттың аты-жөні	Туған жылы	Жұмыс орны, атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері
1	Қоссейіт	Алдәнеев Күшербай Сарыбаевич	20.10.1957 ж	Қоссейіт ауылдық округі әкімінің кеңесшісі	Қоссейіт ауылы
2	Қоссейіт	Бейсенбиев Улан Есенбаевич	27.11.1978 ж	Шардара ауданы әкімінің көмекшісі	Шардара қаласы

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Карамурзаев Қуаныш Алпысбаевичтің атына рәсімделген Ақшеңгелді ауылдық округі Ақ алтын ауылы, М.Әуезов көшесі, №13/1 үйдің техникалық тәлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

## Мұра ашылды

2016 жылғы 26 ақпанда Алатау батыр ауылы, М.Исмағұлов көшесі, №12 үйдің тұрғыны Сулейменова Макпалдың мүлігіне мұра ашылды. Мұрагерлер Шардара қаласындағы нотариалдық кеңсеге хабарласуы тиіс.

Нотариус.

## Облысты таңқалдырды «Балапан»

Қазіргі таңда егеменді еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі азамат, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса жауапты мәселе. Тәрбиенің негізгі бөлігі болып табылатын эстетикалық тәрбиенің балалардың әсемдікті түсініп, ұға білуі және олардың дүниетанымының қалыптасуы дамуы жолында атқарар маңызы зор.



Осы тұрғыда балалар шығармашылығын дамыту мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырылды. Таяуда аудандық білім бөлімінің ұйымдастырумен мектеп жасына дейінгі балалар арасында қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарау, балалардың көркемдік-эстетикалық, рухани-өнегелік қасиеттерін дамыту, өнерлі, талантты балаларды анықтау, қолдау мақсатында 1 маусым – «Балаларды қорғау күніне» арнап, кезекті «Айгөлек» балалар шығармашылығы фестивалі өткізілді.

Байқауға қала-ауыл балабақшаларының тәрбиеленушілері қатысты. Бүлдіршіндер алдын ала бекітілген 3 кезең бойынша сынға түсіп, бақтарын сынады. Өнерлі бүлдіршіндердің арасынан ерекше көзге түсіп, өзінің тамаша сынғырлаған үнімен, сүйкімді келбетімен №8 «Балапан» балабақшасының «Қошақан» ересектер тобында тәрбиеленуші Беделхан Амира Даниярқызы Қ.Дауылбаевтың сөзіне жазылған танымал сазгер А.Дәңбаевтың «Балапан – балабақшам» атты жаңа әнін шырқап, «Бас жүлдені» жеңіп алды. Амира әуелітіп ән салғанда, бүкіл көрермендер қол соғып, көпшіліктің ықыласына бөленді. Амира мен оның достары сахнаға шыққанда, сахна жандана түсті.

Байқау барысында №8 «Балапан» балабақшасының ата-аналарының бала тәрбиесіне бейжай қарамайтындығы, балабақша мен ата-ана арасындағы жұмыстың жүйелілігі көзге түсті. Бұл жеңіс – балабақша директоры, білікті басшы Құралай Тілешованың талапшылдығының, ұжымның үлкен қажырлы еңбегінің нәтижесі. «Сүйер ұлың болса сүй, сүйінірге жарар ол» деп ұлы ақын Абай айтқандай, Амирадай дарынды қызды тәрбиелеп отырған ата-анасы Данияр мен Қарлығаштың да еңбегінің, ізденісінің жемісі.

Әділқазылар әділ шешім қабылдап, балапандық Амираға мамыр айының 31 жұлдызында өткізілетін облыстық «Айгөлек» шығармашылық балалар байқауына жолдама берді. Облыстық байқауда балапандықтардың қойған қойылымы, сәнді киім үлгілері, жүріп-тұруы, сахна мәдениетін игерулері өз үйлесін тапты. 13 үміткердің ішінен сүйкімді де, өнерлі бүлдіршіндер бұл жолы да «Бас жүлдені» қанжығаға байлады. Байқау көрермендері шардаралықтардың бұл іс-шараға үлкен жауапкершілікпен, керемет дайындықпен, қайталанбас қойылыммен келгенін, көңілдеріне қуаныш сыйлағандығын айтып, алғыс білдірді.

Біз балалардың осындай шығармашылығын ұйымдастыра отырып, өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын шығармашыл, құзыретті тұлғаны тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп, бала жүрегінің күйсандығының кілтін таба білетін озық педагогтарымызбен мақтанамыз.

Балалардың сахна төрінде жоғары дәрежеде өнер көрсетуіне оқу әдіскері А.Балғабәева, саз жетекшісі Т.Оспан, тәрбиешілер Л.Бекмұратова, Ш.Қожбанова, Ж.Сұлтангереева, Қ.Қарабалаева, Н.Бекетова, Б.Биманова, М.Әбішева, М.Кенжешовалардың қосқан үлестері зор.

Біздің балабақшамыздың бүлдіршіндері әлі де биік белестерді бағындырып, асқар асулардан асатынына көміл сенімдемін.

К.ЕСМҰРЗАЕВА,

№8 «Балапан» балабақшасының кәсіподақ төрайымы.

## CALL-орталық жұмыс істейді

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросында CALL-орталық жұмыс істейді. CALL-орталыққа «1424» нөмірі арқылы республика бойынша қалалық телефондардан және барлық ұялы байланыс операторларынан қоңырау шалуға болады.

## Көңіл айту

Шардара ауданы әкімінің аппараты аудандық соттың төрағасы Бейсебай Қожановқа

анасы Қалдықыздың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шардара аудандық сотының төрағасы Бейсебай Қожановқа анасы Қалдықыздың қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. «Өскен өңір» газетінің редакциялық ұжымы.

Шардара ауданы әкімінің аппараты Ақтөбе қаласындағы теракт кезінде әскери борышын өтеп жүріп қаза тапқан жерлесіміз Сапар Еркінбекұлы Досболдың ата-анасы мен туысқандарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе қаласындағы теракт кезінде әскери борышын өтеп жүріп қаза тапқан жерлесіміз Сапар Еркінбекұлы Досболдың ата-анасы мен туысқандарының қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Өскен өңір» газетінің ұжымы.

## «Өскен өңір» ЖШС

Меншік иесі:  
Шардара ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Өскен өңір» Шардара аудандық газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР  
Есенбай БЕЙСЕНБИЕВ

Бас редактордың орынбасары  
Сәбит ЛАХАНОВ

Баспасөз хатшысы  
Мейірхан АҒЛАМАСОВ

ТІЛШІЛЕР  
Жаңабай СЕЙДУАЛИЕВ  
Құдайберген ӨТЕШ  
Жанар ӘБДІРАХЫМОВА

БЕТТЕУШІ  
Айнұр САРБАСОВА

БАҒДАРЛАМАШЫ  
Айдар ӘБУБӘКІРОВ

КОРРЕКТОР  
Алтынай ЕСКЕРОВА

БАЙЛАНЫС  
ТЕЛЕФОНДАРЫ  
Бас редактор  
2-11-59  
қабылдау бөлімі,  
телефакс  
2-18-60;  
2-18-09.

Газетті ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігі 20.08.2012 жылы қайта есепке қойып, №12966-Г куәлігі берілген. Газет индексі: 66731 Газет аптасына 1 рет шығады.

Газет «Өскен өңір» газеті редакциясының компьютер орталығында теріліп, «АЙҒАҚ» Баспа үйі» ЖШС-ның баспаханасында басылды. Мекенжайы: Шымкент қаласы, Ф.Ильев көшесі, 29.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды. Газетте интернет сайттарынан мақалалар мен суреттер жарияланып тұрады.

Мекенжайымыз:  
Индекс: 161400  
Шардара қаласы,  
С.Әшіров көшесі, №6-үй

ТАРАЛЫМЫ–3857  
ТАПСЫРЫС–

Біздің электрондық пошта  
e-mail: Oskanonir@mail.ru

Сайт: www.oskenonir.kz  
http://baq.kz/kk / regional\_media/media/57

Нөмірдің кезекшісі:  
Құдайберген ӨТЕШ.